

Әйтеке би ауданы бойынша мемлекеттік жалдау үйлерінде жалдау ақысының мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № 138 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 шілдеде № 3973 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 219 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 14.10.2019 № 219 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Әйтеке би ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әйтеке би ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға берілетін үйлерінде үй-жайды пайдаланғаны үшін ай сайынғы жалдау ақы мөлшері 1 шаршы метрге жалдау ақысынан есеп айырысудан шығып, қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Рахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Бердалин

Аудан әкімдігінің
2014 жылғы 14 шілдедегі
№ 138 қаулысына
ҚОСЫМША

Әйтеке би ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға берілген үйдегі үй-жайды

пайдаланғаны үшін белгіленген ай сайынғы жалдау ақы мөлшері

Мемлекеттік жалдау үйлерінде тұрғаны үшін алынатын жалдау ақы есебінде келесі көрсеткіштер қолданылады:

1) 2008 жылы салынған 1 үйдің сметалық құны - 4 996 485 тг

Ц-2008 жылы салынған тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны - 73 478 тг

Е-2008 жылы салынған тұрғын үйдің жалпы аумағы - 68,0 ш.м.

Т-2008 жылы салынған тұрғын үйдің есептік пайдалану мерзімі - 100 жыл

Г-2008 жылы салынған тұрғын үйдің бір жылға 1 шаршы метрін пайдаланудың, күрделі және ағымдағы жөндеудің шығын сомасы - 0 тг

Р-тұрғын үйді күтіп-ұстауға қажетті төлемдер сомасы (1 айға 1 шаршы метр үшін тенге)

А-үй-жайды пайдаланғаны үшін жалдау ақы мөлшері(1 айға 1 шаршы метр үшін тенге)

Есептеу формуласы:

2008 жылы салынған жалға берілетін үйлер үшін:

$P=G:12:E$

$P=0:12:68=0$ тг

$A=C:T:12+P$

$A=73478:100:12+0=61,23$ тг

1 айға 1 шаршы метрінің жалдау ақысының мөлшері - 61,23 тенге.

2) 2012 жылы салынған 1 үйдің сметалық құны - 4 899 928 тг

Ц-2012 жылы салынған тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны - 70 000 тг

Е-2012 жылы салынған тұрғын үйдің жалпы аумағы - 70,35 ш.м.

Т-2012 жылы салынған тұрғын үйдің есептік пайдалану мерзімі - 100 жыл

Г-2012 жылы салынған тұрғын үйдің бір жылға 1 шаршы метрін пайдаланудың, күрделі және ағымдағы жөндеудің шығын сомасы - 0 тг

Р-тұрғын үйді күтіп-ұстауға қажетті төлемдер сомасы (1 айға 1 шаршы метр үшін тенге)

А-үй-жайды пайдаланғаны үшін жалдау ақы мөлшері(айына 1 шаршы метр үшін тенге)

Есептеу формуласы:

2012 жылы салынған жалға берілетін үйлер үшін:

$P=G:12:E$

$P=0:12:70,35=0$ тг

$A=C:T:12+P$

$A=70000:100:12+0=58,33$ тг

1 айға 1 шаршы метрінің жалдау ақысының мөлшері - 58,33 тенге.

3) 2013 жылы салынған 1 үйдің сметалық құны - 5 583 867 тг

Ц-2013 жылы салынған тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны - 79 769 тг

Е-2013 жылы салынған тұрғын үйдің жалпы аумағы - 70,0 ш.м.

Т-2013 жылы салынған тұрғын үйдің есептік пайдалану мерзімі - 100 жыл

Г-2013 жылы салынған тұрғын үйдің бір жылға 1 шаршы метрін пайдаланудың, күрделі және ағымдағы жөндеудің шығын сомасы - 0 тг

Р-тұрғын үйді күтіп-ұстауға қажетті төлемдер сомасы (айына 1 шаршы метр үшін тенге)

А-үй-жайды пайдаланғаны үшін жалдау ақы мөлшері(1 айға 1 шаршы метр үшін тенге)

Есептеу формуласы:

2013 жылы салынған жалға берілетін үйлер үшін:

$$P = G : 12 : E$$

$$P = 0 : 12 : 70 = 0 \text{ тг}$$

$$A = C : T : 12 + P$$

$$A = 79769 : 100 : 12 + 0 = 66,47 \text{ тг}$$

1 айға 1 шаршы метрінің жалдау ақысының мөлшері - 66,47 тенге.